

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
«Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» даярлау бағыты бойынша
Академиялық Комитет мәжілісі

№2 ХАТТАМАСЫ

Кентау қаласы

15.12.2025ж.

Қатысқандар: АҚ төрағасы, PhD, аға оқытушы Жунисов Н.М., техн.ғ.к., қауымдастырылған профессор Казбекова Г.Н., PhD, аға оқытушы Аманов А.Н., аға оқытушылар: Амиртаев К.Б., Баймурзаев Б.О., Искендірова Г.С., Байжанов М.Д. - «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Түркістан облысы бойынша өкілдігінің басшысы, Абен А.Б.- 8D06115-Ақпараттық жүйелер ББ докторанты, Абушахма А.А. - 7M06128- Ақпараттық жүйелер ББ магистранты, Даулетбекова С.Қ. -6B06151- Ақпараттық жүйелер ББ студенті.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар бағыты бойынша ББ аудит жүргізу.
2. Қараша, желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша АҚ төрағасы Н.М.Жунисов: бүгінгі отырыста қаралатын мәселелер бойынша Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар бағыты бойынша ББ аудит жүргізу болып табылады. Осы мәселелер бойынша өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

*АҚ мүшесі Казбекова Г.Н. күн тәртібіндегі **бірінші мәселе** бойынша:* Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар даярлау бағыты бойынша төмендегі білім беру бағдарламаларына аудит жүргізілді:

- 6B06151-Ақпараттық жүйелер
- 6B06182-Компьютерлік инженерия
- 6B06181- Ақпаратты өңдеу және деректерді визуализациялау
- 6B06198-Жасанды интеллект және деректерді талдау
- 7M06128-Ақпараттық жүйелер
- 7M06146-Компьютерлік инженерия
- 8D06115-Ақпараттық жүйелер

Аудит барысында білім беру бағдарламаларының нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкестігі, білім беру бағдарламаларының және оқу жоспарларының құрылымы, пәндер мазмұнының заманауи ақпараттық технологиялар талаптарына сай болуы, оқытушылар құрамының біліктілігі, материалдық-техникалық база және білім алушылардың оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі қарастырылды.

Аудит нәтижесінде:

- білім беру бағдарламаларының құрылымы талаптарға сәйкес екені;
- оқу жоспарларында цифрлық технологиялар, бағдарламалау, деректерді талдау және жасанды интеллект бағытындағы пәндердің үлесі жеткілікті деңгейде қамтылғаны;
- білім беру бағдарламалары еңбек нарығының сұраныстарына бағытталғаны;
- оқу-әдістемелік кешендердің және силлабустардың уақытылы жаңартылып отырғаны анықталды.

Сонымен қатар, білім беру бағдарламаларын жетілдіру мақсатында пәндер мазмұнын заманауи IT-технологиялармен толықтыру, практикалық сабақтардың үлесін арттыру және өндірістік серіктестермен байланысты күшейту қажеттілігі атап өтілді.

Шешім:

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бағыты бойынша білім беру бағдарламалары аудит нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

АК мүшесі, Аманов А.Н. екінші мәселе бойынша: Қараша, желтоқсан айларында Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бағыты бойынша жоспарланған оқу-әдістемелік, ғылыми және тәрбиелік іс-шаралар жүзеге асырылды. Атап айтқанда, білім беру сапасын арттыруға бағытталған семинарлар, ашық сабақтар, ғылыми-тәжірибелік кездесулер және студенттердің қатысуымен өткізілген түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды.

Жүргізілген талдау нәтижесінде:

- жоспарланған іс-шаралардың басым бөлігі белгіленген мерзімде орындалғаны;
- өткізілген іс-шаралардың білім алушылардың кәсіби құзыреттерін дамытуға оң әсер еткені;
- студенттердің ғылыми-зерттеу және олимпиадаларға белсенді қатысқаны анықталды.

Шешім:

Қараша, желтоқсан айларында атқарылған іс-шаралардың нәтижелері қанағаттанарлық деп бағалансын.

**Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар
даярлау бағыты бойынша
Академиялық комитет төрағасы:**

Хатшы:




Жунисов Н.М.

Искендірова Г.С.